



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Философия және саясаттану факультеті

Жалпы психология

**Тоқсанбаева Н.Қ.
психо.ғ.д., профессор**

Модуль 1

ЖАЛПЫ ПСИХОЛОГИЯ ПӘНІНЕ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ


Дәріс

Ми және психика

Ми

Ми - адамның ойлау жүйесі мен сана сезімдерінің басқарушы тетігі. Тіршілік басталғаннан бергі технологияның қарыштап дамыған кезеңіне дейінгі аралықта адамзат баласы өзінің осы «барометрі» арқылы едәуір жетістіктерге қол жеткізді.

Ми - латын тілінен *encephalon* деп аталады. Сүтқоректілерде мінез-құлыққа жауапты орталық нерв жүйесінің меңгеру торабы. Ми баста бассүйек қуысында орналасады.



Ми бөлімдері

Мидың құпиялары

Біздің ойлау қабілетіміз, саналы іс-әрекетіміз миға байланысты. Сан мың жұлдызы сәуле шашқан ғарыш пен ми өздерінің күрделілігі жағынан бір-бірінен кем түспейді. Қабілет-қарымы, мүмкіндігінің шексіздігіне байланысты ми ғалымдардың өздерін де таңғалдырып келеді.

Ми жасушалары бір-біріне ұқсамайды, әрқайсысы өзінше керемет әлем. Жасушалардың бір тобы адам тынысын, ұйқысын, жүрек жұмысын басқарса, ал мидың тереңірек түкпіріндегі, яғни гипоталамус деп аталатын бөлігіндегі жасушалар, аштық, шөлдеу, агрессивтілік сезімдеріне жауапты.



Мидың құпиялары

Жүйке ұлпасының негізін жүйке жасушалары - нейрондар түзеді. Мидың ең негізгі атқаратын қызметі - ойлау, сөз, есте сақтау. Біздің санамыз бен миымыздың арасындағы қатынастар бір қарағанда түсініксіз. «Түсінемін», «ойлаймын», «есіме түсірдім» дейтіндей сөздердің арғы жағында қандай физикалық-химиялық процестер жүріп жатыр, ол әлі бізге жұмбақ. Мидың көпшілік бөлігі көз деңгейінен жоғары орналасады. Ұйықтап жатқанымызда ми демалады. Сонымен қатар, қатты ұйқы мен құс ұйқы арасында адамның миындағы толқындар өз пішінін өзгертіп отырады.

Миға жаттығулар

Жаттығулар қиялы бай, креативті адамға айналуыңызға көмектеседі. Әсіресе ауыр жұмыс күнінің соңында миды бір сергітіп алыңыз.

Түсіндірме сөздікті алыңыз да, кез келген парағын көзді жұмып тұрып ашып қалыңыз. Сосын кез келген жолын саусағыңызбен түртіңіз. Енді екінші рет дәл осылай қайталаңыз. Бірінші және екінші тап болған сөздерді қағазға жазып алыңыз. Сосын осы екі сөзге ортақ нәрсе ойлап көріңіз. Осы екі сөз мағынасын жоғалтпайтындай етіп қызықты оқиға ойлап табыңыз.

Бір бет қағазға өзіңіз білетін барлық жануарға бірдей ұқсайтын сурет салып көріңіз. Бұл тәсілге келгенде мән-мағына жайлы ұмыта тұруға тура келеді.

Миға кері әсер ететін 10 нәрсе

1. Ұйқының қанбауы
2. Таңғы ас ішпеу
3. Артық қант мөлшері
4. Стресс
5. Ұйықтататын дәрілер
6. Темекі шегу
7. Күн
8. Су
9. Шамадан тыс көп ақпарат

Психика

Психика:

Объективті шындықты түйсік, қабылдау, елестету, сезім, ерік, ойлау арқылы белсенді бейнелейтін мидың жүйелі қасиеті.

Психиканың ең жоғары формасы - адамның санасы.
Сана адамның қоғамдық тарихи дамуының жемісі.

Психика

Психика органикалық материяның бәрінде бола беретін қасиет емес. Ол өсімдіктер дүниесінде жоқ. Тірі организмдердің төменгі формаларын табу қиын.

Психика материяның жоғары формасында жанды материяның ғана қасиеті. Тірі материяның төменгі түрлеріне тітіркенушілік, ал оның жоғары түрлеріне сезгіштік қасиет тән.

Сезгіштік – психиканың ең бастапқы белгісі.

Психика

Жануарлар психикасының негізгі түрлері:

Инстинктер (латын сөзі, мағынасы «санасыз ұмтылу»).

Жануарлардың биологиялық дамуы, нерв жүйесінің түрліше құрылымына қарай, олардың мінез-құлықтары әр түрлі болады. Инстинкт көбінесе дамудың төменгі сатысында тұрған жануарларда кездесетін мінез-құлық формасы. Мұны қазақша «соқыр сезім» деп атайды. Адамның психикасы оның қимыл- әрекетін реттейтін және қоғамдық қатынасқа бейімдейтін жаңа құрылымның – сананың негізін құрайды.

Психиканың ерекшеліктері

Адам психикасының жануарлар психикасынан тағы бір ерекшелегі сол – жануарлар дүниесінің дамуы биологиялық эволюция заңына тәуелді болса, ал адамзат санасы қоғамның тарихи даму заңдылықтарына бағынады.

Қолмен істелетін сан қилы еңбек әрекеті көздің бақылауымен ұштасып, адамның көру органының дамуына әсерін тигізеді. Қол мен көздің бір-біріне сәйкестеніп отыруы адам организмінің бүкіл қимыл-қозғалысын реттеп отырады да, оның танымдық өрісін кеңейтеді

Психиканың даму сатылары

Қарапайым сенсорлық психика сатысы- Бұл кезең екі деңгейді қамтиды.

1) Төменгі деңгей (суда өмір сүретін қарапайым, төменгі көп жасушалы ағзалар). Тітіркенушілік дамыған, сезімталдықтың қарапайым элементтері бар.

2) Жоғарғы деңгей (жоғарғы шығыршықты құрттар, бауыраяқты манипуляциялау мүшесі ретінде жақ сүйектерінің пайда болуымен сипатталады). Бұл деңгей өкілдері жәндіктер. Олар заттың жеке қасиеттерін бейнелеп, әлемді түсінеді.

3. Фрейд - адам -90 пайыз бейсаналы тіршілік иесі, егер инстинкт қанағаттандырылмаса, санамен қайшылық туындап, оның салдары ретінде невроз туындайды.

Перцептивтік психика даму сатысы

- Психика дамуының бұл кезеңінде түйсінулер бейнелерге біріктіріледі. Бұл кезең 3 деңгейден тұрады:
- Төменгі деңгей (балықтар және өзге төменгі омыртқалылар және жекелей алғанда кейбір жоғары омыртқасыздар буынаяқты және басаяқты былқылдақ денелілер, т.б).
- Жоғарғы деңгей (жоғарғы омыртқалы құстар, кейбір сүтқоректілер және т.б).
- Өте жоғары деңгей (маймылдар кейбір басқа жоғары омыртқалылар, иттер, дельфиндер және т.б).

Психика дамуының ең жоғарғы сатысы - интеллект

- Интеллект кезеңі тарихта адамдармен ортақ түбірі бар антропоидтер бұтағы. Бұл кезең жануардың зат арқылы байланысын, жағдайды жалпы бейнелейтін қабілеттерімен сипатталады.
- Психика өз эволюциясында бірнеше кезеңнен өтіп,соған орай сана адам психикасының ерекшелігі ретінде адамзаттың қоғамдық тарихи даму жемісі.

Дәрісте пайдаланылған әдебиеттер:

- Гальперин П.Я. Введение в психологию: учеб.пособие / П.Я. Гальперин. – М.: КДУ, 2005. – 336с.
- А.Р. Лурия Мозг и психика / Лурия А.Р. – М.: Юрайт, 2001